

Архив - мемлекет тарихының сақтаушысы

Архив қоры шегінде сақтау бірлігін есепке алу және жіктеу бірлігі болып табылғандықтан, қағаз негізіндегі архивтік құжаттардың сақтау бірлігі іс болып табылады. Осыған орай Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің мемлекеттік сақтаудағы істердің, істер тізімдемесімен салыстыра отырып, нақтылануда.

«Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» бағдарламасына енгізудің негізгі шарты-істердің толықтығы, жай-күйі, тізімдемедегі істердің жиынтығы, есептік құжатқа енгізілген мәліметі.

Бағдарлама аясында Әулие-ата уезінің кезеңіндегі ескі құжаттарға жаңарту жұмысы қоса атқарылуда, жоғарыда атқарылған жұмыстар аяқталған соң, «Электрондық нұсқаға көшіру» сатысына ауысады.

Архив- мемлекет тарихының сақтаушысы деп бекер айтылмаған.

«Шаң басқан архив талай сырды шертеді». Қалың, ескі папкілерді қораптармен қаптап, үстіне тозаң қондырмай, көздің қарашығындай сақтап отырған архивистердің еңбегі зор.  